




Құжат нөмірі	Нұсқасы	Қолданысқа енгізілген жылы:			
1	1	2025 г.			
Құжаттың атауы:	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратура туралы Ережесі				
Бекітілді:	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесімен				
Лауазымы	Аты-жөні	Қолы			
Келісілді:	<p>Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі– проректор м.а.</p> <p>Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директорының м.а.</p> <p>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры</p> <p>Зан департаментінің директорының орынбасары</p> <p>Білім беру бағдарламаларын жобалау кеңесінің жетекшісі</p>	<p>Ибраимов М.К.</p> <p>Тастамбек К.Т.</p> <p>Рахимбекова Б.К.</p> <p>Сыдыков Н.С.</p> <p>Амирбекова Г.Е.</p>	    		
Әзірлеуші:	Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы	Куанова Л.А.			

Бекітілді
Университеттің Ғылыми кеңесі
КЕАҚ «Қазақ Ұлттық
әл-Фараби университеті»
(Хаттама № 11
23 05 2025 ж.)

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратура туралы Ережесі (бұдан әрі-Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бүйрүғымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Ереже әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытудың кредиттік технологиясы шеңберінде ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндепті талаптары мен тәртібін айқындайды.

1.3. Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың цикліне қатысты барлық құрылымдық бөлімшелер (факультеттер, кафедралар, қаржы және ғылыми бөлімшелер және т.б.) үшін міндепті.

1.4. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистратурасының білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі білім беру саясатының басты міндепті отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, тереңдетілген кәсіби даярлығы бар жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады, бұл білім беру процесінде ғылыми-зерттеу қызметі мен оқытуды интеграциялауды, пәнаралық және құзыреттілік тәсіл қағидаттары негізінде кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру процесін іске асыруды көздейді.

1.5. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

1.6. Бейіндік бағыттағы магистратурада экономика, медицина, құқық, білім беру, өнер, қызмет көрсету және бизнес салалары, қорғаныс және Ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау қызметі салалары бойынша тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау жөніндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары іске асырылады.

Зер

1.7. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық бірлік факультеттің бітіруші кафедрасы болып табылады. Университет деңгейінде магистратураның білім беру үдерісін іске асыруды үйлестіруді және бақылауды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ академиялық мәселелер жөніндегі Департамент (бұдан әрі - АМД), ғылыми құрамдас бөліктің орындалуын үйлестіруді және бақылауды – ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасы (бұдан әрі - ФКДАБ) жүзеге асырады.

1.8. Магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асыру бітіруші кафедралардың ғылыми зерттеулерінің тақырыбын ескере отырып жүзеге асырылады.

1.9. Магистратураға қабылдау жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1.10. Магистрлерді даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы шенберінде және университет пен білім беру қызметтеріне тапсырыс берушілер арасында жасалатын ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарттары негізінде жүзеге асырылады.

2. МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ.

2.1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім беру процесін іске асыру ұлттық біліктілік шенберіне, кәсіби стандарттарға, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шенберіне сәйкес жүзеге асырылады.

2.2 Магистратураның білім беру бағдарламалары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес даярлаудың нақты бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленеді және оны Басқарма Төрағасы - университет ректоры бекіtedі.

2.3 Магистратураның білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды білім беру процесінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және білім беру қызметін ұйымдастыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне жауапты бітіруші кафедра жүзеге асырады.

2.4. Дайындықтың әрбір бағыты үшін бітіруші кафедра магистратура (магистр) түлегінің құзыреттілік моделін әзірлейді.

2.5. Магистратураның білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) іске асыратын бітіруші кафедра:

- ғылым кандидаты немесе ғылым докторы немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атағы бар оқытушылардың оқу сабактарын өткізу (ғылым докторы және/немесе



ғылым кандидаты және/немесе ғылыми дәрежесі бар кемінде төрт оқытушының болуы және / немесе философия докторы (PhD), оның ішінде негізгі жұмыс орны университет болып табылатын кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес кемінде бір ғылым докторы немесе философия докторы (PhD);

- кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша отандық ұйымдармен жасалған магистранттардың тәжірибеден өтуі туралы, немесе шетелдік ғылыми тағылымдаған өтүге арналған қолданыстағы шарттарының болуы;
- білім беру бағдарламасына сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы;
- -университеттің ғылыми-инновациялық экожүйесінің және ғылыми-зерттеу және ақпараттық ресурстарына қолжетімділігі бар зерттеу ортасының болуы;
- ұйымдармен және кәсіпорындармен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау.

2.6. Магистратураның білім беру бағдарламасында оку және ғылыми/зерттеу компоненттері бар. Білім алушылардың оку және ғылыми жұмыстарының еңбек сыйымдылығы игерілген материал санымен анықталады және кредиттермен өлшенеді.

2.7. Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны келесілерден тұрады:

- 1) негізгі және бейіндік пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқыту;
- 2) магистранттарды практикалық даярлау: тәжірибе, ғылыми немесе кәсіби тағылымдашардың әртүрлі түрлері;
- 3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейіндік магистратура үшін-магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік – зерттеу жұмысы;
- 4) қорытынды атtestаттау.

2.8. Магистратура бағдарламаларының білім алушылары үшін тәжірибе ғылыми-зерттеу, педагогикалық және кәсіби қызметтің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

2.9. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы тәжірибенің екі түрін қамтиды: педагогикалық және зерттеу.

Педагогикалық тәжірибе оқыту мен оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте магистранттар бакалавриатта сабак өткізуге тартылады.

Магистранттың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өндеудің және түсіндірудің заманауи әдістерімен танысу мақсатында жүргізіледі.

2.10. Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік тәжірибелі қамтиды.

Өндірістік тәжірибе оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, сондай-ақ озық тәжірибелі игеру мақсатында жүргізіледі.

2.11. Зерттеу (өндірістік) практикасының мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

2.12. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті ғылыми-зерттеу жұмысынан (ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары үшін) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бейіндік білім беру бағдарламалары үшін), ғылыми жарияланымдар дайындаудан, ғылыми тағылымдамадан және магистр дәрежесін алу үшін диссертация орындаудан қалыптастырылады.

2.13. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

2.14. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының білім алушыларын аралық және қорытынды атtestаттау білім алушылардың білім беру бағдарламаларының оқу және ғылыми компонентін менгеру көлемі мен деңгейін, қажетті дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру дәрежесін бағалау мақсатында жүргізіледі.

2.15. Қорытынды атtestаттау 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны жазу және қорғау нысанында жүргізіледі және академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде жүзеге асырылады.

2.16. Магистрлерді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі магистранттың академиялық кредиттерді игеруі болып табылады:

- ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша - кемінде 120;
- бейіндік бағыт бойынша-кемінде 60 (оқу мерзімі 1 жыл) және кемінде 90 (оқу мерзімі 1,5 жыл).

2.17. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды атtestаттаудан сәтті өткен адамдарға «магистр» дәрежесі беріледі және қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом (транскрипт) беріледі.

3. МАГИСТРАТУРА БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖҰМЫСЫН ҮЙІМДАСТАЫРУ

3.1. Магистратурда кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

3.2. Магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда магистрантқа оларды игеру үшін пререквизиттер мен мерзімдер белгіленеді.

3.3. Магистранттың ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде білім алады.

3.4. Магистранттың жеке жұмыс жоспары барлық оқу кезеңіне жасалады және келесі бөлімдерді қамтиды:

1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);

2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімдері және есеп беру нысаны);

3) тәжірибе (бағдарлама, база, мерзімдер және есеп беру нысаны);

4) негізdemесі мен құрылымы бар магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;

5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;

6) ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар жоспары.

3.5. Теориялық оқыту ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 84 академиялық кредитті, бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасында 35-60 кредитті құрайды және ЖОО компоненті мен таңдау компоненті пәндерін, практиканы қамтитын базалық және бейіндік пәндер циклдарынан тұрады.

3.6. Бір оқу жылшының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитке сәйкес келеді, бір семестр ішінде магистрант 30 академиялық кредитті игереді.

3.7. Магистранттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар Жоғары білімнің (магистратураның) екінші деңгейіндегі Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын менгерілген негізгі құзыреттерді көрсетіледі..

3.8. Оқыту нәтижелері магистратураның бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

3.9. Дескрипторлар білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелерін көрсетеді:

1) зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде осы саланың озық біліміне негізделген зерттелетін саладағы дамып келе жатқан білім мен түсінікті көрсету;

2) жаңа ортада, кеңірек пәнаралық kontekste мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілеттерін кәсіби деңгейде қолдану;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;

4) мамандарға да, мамандар еместерге де ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, мәселелер мен шешімдерді анық және біржақты жеткізу;

5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағылары.

3.10. Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу сабактары негізінен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға

негізделген заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып, белсенді шығармашылық нысандарда (кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар және т.б.) өткізілуі тиіс.

3.11. Ғылымды, оқыту мен өндірісті интеграциялау қағидатын іске асыру мақсатында кафедралардың кәсіпорындардағы және жұмыс берушілер үйымдарындағы филиалдарын қоса алғанда, сыртқы базаларда магистранттар үшін оқу сабактарының бір бөлігін үйимдастыру, сондай-ақ факультеттің және университеттің академиялық Кеңесімен келісім бойынша енгізілген оқыту форматында да, академиялық кредиттерді қайта есептеу үшін де онлайн-оқыту элементтерін пайдалану ұсынылады.

3.12. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарын орындау тұрғысынан академиялық аттестаттаудан өтеді.

4. МАГИСТРАТУРАДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ/ЭКСПЕРИМЕНТТИК-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҮЙИМДАСТАЫРУ (МҒЗЖ/МЭЗЖ).

4.1. МҒЗЖ/МЭЗЖ-ға қойылатын талаптар.

4.1.1. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 24 академиялық кредитті құрайды, бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысының көлемі 13-18 кредитті құрайды.

4.1.2. Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келеді;
- 2) өзекті және ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын қамтиды;
- 3) ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;
- 4) ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып орындалады;
- 5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтиды;
- 6) тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделеді.

4.1.3. Бейіндік магистратурадағы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келеді;
- 2) ғылымның, техниканың және өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделеді және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтиды;
- 3) озық акпараттық технологияларды қолдану арқылы орындалады;

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтиды.

4.2. Ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысын үйымдастыру.

4.2.1. МҒЗЖ(МЭЗЖ) өткізу жөніндегі жұмыстарды интеграция бағдарламасы шенберінде университеттің бітіруші кафедралары мен ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) үйымдастырады.

4.2.2. Магистрлік диссертацияның тақырыбы бітіруші кафедра/ҒЗИ мәжілісінде, факультеттің, университеттің ғылыми кеңесінде талқыланады және оқудың алғашқы екі айында университет бойынша бұйрықпен бекітіледі. Сонымен бірге магистранттың ғылыми жетекшісі тағайындалады, оның жетекшілігімен магистр дәрежесін бере отырып, ғылыми-зерттеу /эксперименттік-зерттеу жұмысы және диссертацияны орындау жүзеге асырылады. Магистрлік диссертацияны әртүрлі мамандықтардың түйіскен жерінде орындаған жағдайда диссертациялық зерттеудің тең жетекшілерін тағайындауға жол беріледі. Кафедраның ғылыми жетекшілерін тағайындау кезінде «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы магистрлік диссертациялардың/жобалардың ғылыми жетекшілеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы» регламенттің талаптары басшылыққа алынады.

4.2.3. Бітіруші кафедралар / ҒЗИ магистранттар жүзеге асыратын диссертациялық зерттеулер тақырыбының кафедралар мен факультеттердің ғылыми мектептерінің зерттеу қызметінің бағыттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі және білім алушыларды бітіруші кафедралар, ҒЗИ орындаітын ғылыми жобаларға қатысуға тартуы тиіс.

4.2.4. Бітіруші кафедралар / ҒЗИ магистранттардың зерттеу жұмысын қажетті зертханалық-техникалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуге және жүргізілетін зерттеу жұмысын үздіксіз ағымдағы бақылауға жауапты.

4.2.5. Магистрант ғылыми жетекшінің жетекшілігімен құралатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды. Магистранттың жеке жұмыс жоспарын кафедра менгерушісі және факультет деканы оқудың алғашқы 3 (үш) айында әзірлейді және бекітеді. Қажет болған жағдайда жеке жұмыс жоспарында түзетулер енгізілуі мүмкін.

4.2.6. Магистранттардың ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысын жоспарлау білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарларына сәйкес семестрлер бойынша жүзеге асырылады. Әр семестрдің соңында білім алушылар аралық аттестаттау барысында ғылыми жетекшілердің қатысуымен бітіруші кафедра / ҒЗИ мәжілісінде жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша есеп береді.

4.2.7. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттарда магистрлік диссертацияны орындау нәтижелерін аттестаттау «Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)» Процедурасына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. Магистранттардың ғылыми тағылымдамасы.

4.3.1. Ғылыми тағылымдама инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

4.3.2. Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

4.3.3. Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 14 күндей құрайды.

4.3.4. Магистранттардың ғылыми тағылымдамасы, сонымен қатар онлайн форматта өтсе де, республикалық бюджет қаражаты және университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен магистранттар мен ұйымдар келесі талаптарға міндетті түрде сәйкес келген жағдайда ұйымдастырылады:

Шетелдік ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өтуге үміттенуші магистранттарға қойылатын талаптар:

- тағылымдамадан өтуге зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала зерттеу нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар адамдар жіберіледі.

- шет тілін менгергені туралы сертификат (TOEFL, ағылшын тіліне арналған IELTS немесе басқа шет тілдеріне баламалы сертификаттар, шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыретінің B2 деңгейінен төмен емес (CEFR) (сертификаттардың тізмі осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген);

- университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысу.

Шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптар:

- Шетелде тағылымдамадан өткен жағдайда, тағылымдама халықаралық рейтингтерге енгізілген жетекші ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-да, соның ішінде тиісті бағытта (QS rankinkgs Top-1000 (топ-1000), QS by Subject Top-200 (бай сабджект топ-200)) жүзеге асырылады.

- егер ғылыми тағылымдаманың базасы университеттің құрылымдық бөлімшесіне кірмей ғылыми орталық/институт болған жағдайда, Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін журналдарда магистранттарды даярлау бағыты бойынша ұйым қызметкерлерінің кемінде 20 жарияланымының болуы;

- Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларында 1 және 2 квартильдердің (Q1, Q2) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарында зерттеу нәтижелерін жариялайтын магистранттың диссертациясы тақырыбы бойынша зерттеу тобының болуы.

Қазақстандық ұйымдарға қойылатын талаптар:

- ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын ұйымдарға: «Назарбаев Университеті» ДББҰ, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, ғылыми зертханалар, магистранттың зерттеу тақырыбы бойынша зерттеу тобы және қажетті ғылыми инфрақұрылымы, ұйымдық-құқықтық мәртебесі бар ұлттық

университеттер, сондай-ақ магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына сәйкес келетін өзге де ұйымдар жатады.

Ғылыми тағылымдама бағдарламасына қойылатын талаптар:

- ғылыми тағылымдама бағдарламасы Магистратура деңгейіне (Master level), магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді. Ғылыми тағылымдаманың бағдарламасына ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша дәрістер, ғылыми мақалалар, ғылыми этика, рефераттық және толық мәтінді дерекқорлармен жұмыс істеу, ғылыми нәтижелерді жариялау үшін іріктеу принциптерін қосуды ұсынады;

- ғылыми тағылымдама бағдарламасында тағылымдама шеңберінде жоспарланған жұмыстардың барлық түрлері (дәріс тақырыптары, ғылыми семинарлар, зертханалық жұмыстар және т. б.) көрсетіледі, жауапты тұлға/лектор көрсетіледі;

- онлайн форматтағы ғылыми тағылымдама бағдарламасы, әдетте, теориялық және практикалық модульдерден тұрады. Теориялық модуль бейнедәрістерден тұрады, онлайн және асинхронды режимде, сондай-ақ магистратура деңгейіне және тағылымдама мақсаттарына сәйкес серіктес университеттің онлайн-курстарын қамтиды. Практикалық модуль вебинарлардан, магистранттардың диссертациялық зерттеулерінің презентациясынан, тьюториалдарды, жеке және топтық жобаларды дайындау, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік жұмысынан тұрады;

- ғылыми тағылымдама бағдарламасы мен ғылыми тағылымдаманың апталық жоспарын университет пен қабылдаушы ұйым бірлесіп бекітеді. Университет деңгейінде бағдарлама мен апталық жоспарды кафедра меңгерушісі, ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі деканның орынбасары куәландырады, факультет деканы/ГЗИ директоры бекітеді.

4.3.5. Білім алушы кафедра мен факультеттің ғылыми кеңесінің отырысында шетелдік ғылыми тағылымдаманың қорытындылары туралы есеп береді. Бітіруші кафедралар әр оқу жылының сонында шетелдік тағылымдамалардың тиімділігіне талдау жүргізеді және қажет болған жағдайда қажетті түзету іс-шараларын жүзеге асырады.

4.3.6. Шетелдік тағылымдамаларды қаржыландыру нормативтері мен шеттілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар ҚР ҰӘҚ тиісті нормативтік құжаттарында және университеттің білім алушылары мен ПОҚ-ның шетелге іссапарға жіберу тәртібі туралы ережеде белгіленеді.

4.4. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау.

4.4.1. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелерін кемінде бір жарияланымда шығару және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияда бір баяндама жасау ұсынылады. Scopus және (немесе) Web of Science деректер базасында индекстелетін немесе ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ҒжЖБМ ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне кіретін ғылыми

басылымдарда жариялау, конференция материалдарында (conference proceedings) баяндамаларды жариялай отырып, Scopus және (немесе) Web of Science деректер базасында индекстелетін конференцияларда баяндама жасау ұсынылады.

4.4.2. Web of Science дереккорына енгізілген патенттер халықаралық рецензияланған ғылыми журналдардағы ғылыми мақалалар ретінде есепке алынады.

5. МАГИСТРАТУРА БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

5.1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистратурасында білім алушылардың Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңында, КР ФЖЖБМ нормативтік актілерінде, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерінде айқындалатын құқықтары мен міндеттері болады.

5.2. Магистранттар жеке жұмыс жоспарында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін уақтылы және сапалы орындауға міндетті.

5.3. Магистранттар міндетті:

- жеке жоспарларда көзделген жұмыстың әрбір кезеңінің сонында барлық қажетті жазбаша материалдарды уақтылы ұсыну;
- өзінің ғылыми жетекшілерінен / консультанттарынан алынған ескертулер мен кері байланыс жазбаларын жүргізу;
- есептерді тапсырудың белгіленген мерзімдерін сақтау (жасалған оқу және ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы, шетелдік көшпелі тағылымдамалар туралы және т. б.);
- университеттің тиісті әкімшілік бөлімшелеріне тегі, тұрғылықты мекен-жайы және байланыс деректерінің өзгеруі туралы уақтылы хабарлау;
- ғылыми жетекшілермен, кеңесшілермен және әдвайзерлермен туындаған мәселелерді уақытында талқылау, оларды шешуде талпынысын білдіру;
- белгіленген мерзімде магистрлік диссертация жазуды аяқтау.

5.4. Кадрларды нысаналы даярлау шенберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған магистранттар мақсатты даярлаудың үшжақты шартын уақтылы жасасуға және оның талаптарын орындауға міндетті.

5.5. Магистранттар ғылыми жетекшілерді, консультанттарды іздестіруге және басқа да ұйымдастырушылар мәселелерді шешуге көмек алу үшін бітіруші кафедралардың менгерушілеріне жүгінуге құқылы.

5.6. Магистрант пен оның ғылыми жетекшісі арасында жанжалдар туындаған кезде магистрант даулы мәселелерді шешу үшін келісім комиссиясына жүгінуге құқылы. Қажет болған жағдайда факультеттің Ғылыми кеңесі ғылыми жетекшіні басшылықтан шеттету және магистрантқа жаңа ғылыми жетекші тағайындау туралы шешім қабылдай алады.

5.7. Магистранттар оқудан бос уақытта жұмыс істеуге құқылы, бірақ 0,5 жүктемеден (ставка) аспауы қажет.

5.8. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған магистранттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыс істеу шарттарын сақтауға міндettі.

5.8.1. Жұмыс істеу шарттарына сәйкес келетін тұрақты жұмысқа орналасу орны болған жағдайда, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын бітіру курсының магистранттары түллектерді бөлгенге дейін жұмыс орнынан ҚазҰУ-дың кәсіптік даму және мансап кеңесіне анықтама ұсына алады және бөлгеннен кейін аталған ұйымда жұмысты жалғастыру үшін жолдама ала алады.

5.8.2. Тұрақты жұмысқа орналасу орны болмаған немесе ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс істеу шарттарына сәйкес келмеген кезде бітіру курсының магистранттары ҚазҰУ-дың кәсіптік даму және мансап кеңесінен тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелу үшін жолдама алуға міндettі.

5.9. Магистрлік білім беру бағдарламаларын іске асыру процесінде туындастын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

5.10. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранттарының осы Ережеде көзделмеген өзге де құқықтары мен міндеттері КР нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Шетелдік ұйымдарда ғылыми тағылымдаған өту үшін шет тілін менгергені туралы сертификаттар тізімі

- Ағылшын: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл-кемінде 163 балл,
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИиТи), шекті балл-кемінде 60;
- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT (ТОЙФЛ ПиБиТи)), шекті балл-кемінде 498;
- Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливеред тэстинг) (TOEFL PDT (ТОЙФЛ ПиДиТи)), шекті балл-кемінде 65;
- International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем) (IELTS (АЙЛТС)), шекті балл – кемінде 6,0;
- және / немесе неміс: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (неміс Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-prufung (TestDaF-prufung) (niveau C1/C1 деңгейі);
- және / немесе француз: Test de Français International™ - француз тілі бойынша халықаралық тест (TFI-оку және тындау бөлімдеріндегі B1 деңгейінен төмен емес), diplome d ' Etudes en Langue française – француз тілін бітіргені туралы Диплом (DELF, B2 деңгейі), diplome Approfondi de langue française-Диплом бекіту туралы француз тіл (DALF (DALF), C1 деңгейі), француз тілін білу тесті – француз тілін білу тесті (TCF (TSF) – кемінде 50 балл).